

**«Аламан» сайысы келесі кезеңдерде өткізіледі:**

«Аламан» фестивалінің өткізілуі 3 кезеңнен тұрады: күзгі, көктемгі және республикалық.

**I. Күзгі кезең** («Серпін-2050» жобасы бойынша білім алушы жастарды келген өңірлеріне тез бейімделу, өңір жастарымен тығыз қарым-қатынас орнату, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылыққа баулу) **3 айналымнан өткізілуі қажет:**

а) Оқу орындарының ішінде **топаралық «Аламан» сайысы өтуі тиіс.**

б) Оқу орындарының ішінде **факультетаралық «Аламан» сайысы өтуі тиіс.**

в) Оқу орындарының арасында **өңірлік «Аламан» сайысы өтуі тиіс.**

**II. Көктемгі кезең** («Серпін-2050» жобасы бойынша білім алушы жастардың өңірлік үздік көшбасшыларын анықтау, өңір жастарының байланысын нығайту, әр бағыт бойынша ең таланттарды анықтап, Республикалық «Аламан» сайысына жолдама беру) **3 айналымнан өткізілуі қажет:**

а) Оқу орындарының ішінде **топаралық «Аламан» сайысы 10 наурыздан – 20 наурызға дейін өтуі тиіс.**

б) Оқу орындарының ішінде **факультетаралық «Аламан» сайысы 20 наурыздан – 30 наурызға дейін өтуі тиіс.**

в) Оқу орындарының арасында **өңірлік «Аламан» сайысы 1 сәуірден – 10 сәуірге дейін өтуі тиіс.**

**III. «Аламан» сайысының республикалық кезеңі** («Серпін-2050» жобасы бойынша білім алушы жастардың барлық өңір жастарымен тығыз байланысын орнату, әр сала бойынша ең үздік таланттарды анықтау, оларды жобаның дамуына атсалыстыру) өңірлік «Аламан» сайысы жеңімпаздарының қатысуымен **15 сәуірден – 15 мамырға дейін ұйымдастырылады.**

**Ескерту:** Республикалық «Аламан» сайысының өткізілу орны жобаға қатысушы оқу орындары басшыларының ұсыныстары бойынша кез-келген өңірде өткізілуі мүмкін. Республикалық «Аламан» фестивалі бірнеше бағыт бойынша ғана өткізіледі.

**Ұйымдастырушылар:**

- **оқу орындарында** – оқу орны басшылығы, Республикалық «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының үйлестіру кеңесі;
- **өңірлік деңгейде** – жергілікті атқарушы органдар, Республикалық «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының үйлестіру кеңесі.

- **Республикалық деңгейде** -жергілікті атқарушы органдар, Республикалық «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының үйлестіру кеңесі.

**Қатысушылар:**«Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының барлық қатысушылары

**«Серпін-2050» әлеуметтік жобасы арнайы грант иегерлерінің арасында «Аламан» сайысының негізгі 10бағыт бойынша өту бағдарламасы**

№	Өткізілетін іс-шаралардың атауы	Іс-шаралардың орындалу бағыттары	Өткізілу ережелері
1.	«Трансформация» тақырыбында «Serpín-Start-Up» (жаңа бизнес жобаларды жарыққа шығару)	Арнайы грант иегерлері арасында Serpín-Start-Up интеллектуалды-инновациялық жобалар байқауын ұйымдастыру. Байқауда кіші кәсіпкерлікті, шағын өндірісті дамыту мақсатында жүзеге асырылатын жобалар болуы тиіс	Байқау бойынша қатысушылар жаңа интеллектуалды - инновациялық жобаларын көрмеге ұсынады. Жобаларының әлеуметтік маңыздылығын және байқауға қатысушылардың бизнеске қабілеттілігін ескере отырып, ең үздік жобаны анықтайды.
2.	«Мамандығым–мақтанышым!» (өз мамандықтары н насихаттау)	Арнайы грант иегерлері арасында БАҚ-та және әлеуметтік желілерде «Серпін-2050» жобасын насихаттайтын ең үздік мақала, фото-репортаж, видео-репортаж номинациялары бойынша байқау ұйымдастыру	Мақала әлеуметтік желілерде (ВКонтакте, facebook, instagram, twitter), жергілікті немесе республикалық басылым беттерінде жарық көруі қажет. Фото және видео-репортаж уақыты 3 минуттан аспауы тиіс. Мағынасының тереңдігіне, заманауи тұрғыда ойын жеткізе алғандығына қарай және ойдың

			ұшқырлығына қарай ең үздік шығармалар анықталады.
3.	«Серпін - асқақ ұраным!» («Серпін-2050» жобасын насихаттайтын нышандарын анықтау)	«Серпін-2050» жобасы бойынша үздік әндер, өлеңдер, киім үлгілері, төсбелгілер байқауын ұйымдастыру	Байқауда «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының идеясын насихаттайтын, барлық жоба қатысушыларының шығармашылығын шындап, олардың патриоттық сезімін арттырып, бір ортаға біріктіретін үздік туындылар анықталатын болады.
4.	«Менің мақтан тұтар мекендерім!» (өңірлер байланысын нығайту)	Арнайы грант иегерлері арасында туған жерін және білім алып жатқан өңірлерінің ерекшеліктерін салыстыру, білім алып жатқан өңірді таңдау себептерін көрсететін байқау ұйымдастыру	Байқау бойынша фото немесе видео-репортаж жасау. Байқауға қатысушының отансүйгіштігін, еліне адалдығын, білім алып жатқан өңірінің жағымды тұстарын жеткізе білуіне қарай ең үздік репортаж анықталады. Уақыты: 3 минуттан аспауы тиіс.
5.	«Жалынды Сардар» байқауын өткізу («Серпін-2050» жобасының ең үздік сардарын анықтау)	Оқу орындарында және аймақтағы Серпін Сардарларын анықтау бойынша «Жалынды Сардар» байқауын ұйымдастыру	Байқауға қатысушының бойындағы жауапкершілікті сезіне білетін, бірге білім алып жатқан жастарды игі істерге жұмылдыра білетін қамқор және көшбасшы, өз-өзіне сенімді, жан-жақты білімді, белсенді, тәуекелшіл қасиеттеріне қарай анықталады.
6.	«Болашақтың	«Болашақтың	Байқау бойынша өз

	мамандығы қандай?» (Сұранысқа ие мамандықтары анықтау)	мамандығы қандай?» тақырыбындағы байқау аясында өзінің таңдаған мамандығының жетістіктерін, болашақта өзінің жоғары сұранысқа ие маман бола алатынын дәлелдеу.	мамандығының болашақ мамандығы екенін дәлелдейтін жоба дайындау.
7.	«Өнерлінің өрісі кең» (Жастар шығармашылығын дамыту)	Өнердің кемінде үш түрін қамти отырып, (міндетті түрде 1 ұлттық өнер: домбыра, айтыс, ұлттық би, халық әні және т.б) шығармашылық байқауын ұйымдастыру	1.Заманауи би уақыты: 3-5 минуттан аспауы тиіс. 2. Эстрадалық ән орындау уақыты: 3-5 минуттан аспауы тиіс. 3. Ұлттық өнер түрі (домбыра, айтыс, ұлттық би, халық әні және т.б)
8.	«Шынықсаң, шымыр боласың!» (Жастарды спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттау)	Спорттың кемінде үш түрін қамти отырып, (оның ішінде 1 ұлттық спорт түрі) қоса отыра спартакиада ұйымдастыру	Спартакиада (футбол, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика және ұлттық спорт түрінен) іс шаралар өткізу
9.	«Мені шыңдаған Серпін» (Талантты жастарды шыңдау)	Арнайы грант иегерлері арасында «Жайдарман» ойынын ұйымдастыру	Жалпы тақырып: «Мені шыңдаған Серпін» 1) Сәлемдесу – 4 минут 2) Үй тапсырмасы – 5 минут Астарлы оймен әзілдей білген, ұтымды әзіл айтқан және көрермендердің көңілінен шыға білген топ ең үздік деп танылады.

10.	«Жаңа серпіліс» (әлеуметтік жобаларды дамыту)	Ең үздік әлеуметтік жобалар байқауын ұйымдастыру	Қатысушылар байқау шарты бойынша ең маңызды, қоғамға пайда әкелетін жобаларын ұсынады.
-----	--	--	--

Жоғарыда көрсетілген сайыстар арнайы әзірленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

**Жеңімпаздарды анықтау:** Фестиваль жеңімпаздарынан анықтайтын құрамда: облыс, оқу орны басшылығы, арнайы сала мамандары, ішкі, жастар саясаты, білім және мәдениет басқармалары өкілдері бар әділ-қазы алқасы анықтайды.

**Марапаттау:** Өндірістік сала ардагерлерінің, облыс басшылығының, оқу орны басшылығының, жастар ұйымдарының, БАҚ өкілдерінің қатысуымен жеңімпаздарды гала-концерт барысында марапаттайды.

Шара барысы тақырыптық безендірумен (арнайы логотип) өңірлік және республикалық басылымдарда ақпараттандырумен, жеңімпаздар марапатпен қамтамасыз етілуі қажет.

#### **Оқу орындарындағы қорытынды «Аламан» фестивалі бағдарламасы бойынша келесідей шаралар өткізілуі қажет:**

- «Серпін 2050» бағдарламасы бойынша әзірленген бағдарламаға сәйкес оқу орны басшылары анықтаған орында 10 номинация бойынша сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталады;

- Фестиваль аясында жобаға қатысушылармен «Мамандығым-мақтанышым!», «Көшбасшы деген кім?», «Әлеуметтік желілерде парақшалар ашу», «Ақпараттық сауаттылық» тақырыбында семинар-тренингтер өткізіледі;

- Оқу орындарындағы патриоттық клубтардың, шығармашылық секциялардың, мәдени ұйымдардың жұмыстарымен танысу;

- Студенттік инновациялық жобалар көрмесін ұйымдастыру;

- Оқу орындарында өткізілген фестивальді қорытындылай, жеңімпаздардың қатысуымен гала концерт өткізіліп, өңірлік фестивалге әрбір сайыс түрлерінен анықталған ең мықты қатысушылар жолдама алады. Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

«Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының қатысушыларымен өткізілетін қорытынды галаконцертке басқа да студенттер көрермен ретінде қатысулары тиіс.

#### **Өңірлік қорытынды «Аламан» фестивалі бағдарламасы бойынша келесідей шаралар өткізілуі қажет:**

- «Серпін 2050» жобасы бойынша әзірленген бағдарламаға сәйкес жергілікті атқарушы орган анықтаған орында 10 номинация бойынша сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталады;
- Фестиваль аясында жобаға қатысушылармен «Біз және Серпін» тақырыбында пікір-алмасу алаңдары ұйымдастырылады;
- Жоба қатысушылармен «Білім алушыларды тиімді бейімдеу. Коммуникативті тілдесу дағдыларын дамыту», «Көшбасшылық қасиеттерін дамыту», «Тұлғаны қалыптастыру бойынша заманауи құралдар», «Команда құру, командалық жұмыстың тиімділігін арттыру» тақырыптарында семинар-тренингтер ұйымдастырылады;
- Жоба қатысушыларымен ағаш отырғызу рәсімі, экологиялық-тазарту шаралары, сенбілік жұмыстары ұйымдастырылады;
- Серпіндіктердің жұмыс нәтижесі бойынша «Серпін және инновация» тақырыбында стенд, инновациялық идеялар жәрмеңкесі ұйымдастырылады;
- Жобаға қатысушылардың «Мен болашақ маманмын» тақырыбында жергілікті жұмыс берушілермен кездесуі және бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіледі,
- сонымен қатар, өндіріс орындарына және жергілікті өңірдің тарихи және мәдени орындарына саяхат ұйымдастырылады;
- шараларды қорытындылай отырып, облыс басшылығының қатысуымен «Серпінмен нұрлы болашаққа!» тақырыбында пленарлық мәжіліс өткізіледі. Пленарлық мәжіліс барысында облыс әкімінің алғы сөзі, кәсіпорын басшыларының, басқа қоғамдық бірлестік өкілдері; үздік көшбасшыларының сөз сөйлеулері қарастырылуы қажет. Одан әрі қарай шара жеңімпаздардың концерттік бағдарламасына жалғасып, «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының «Сардарларын» тағайындап, төсбелгілерін табыстайды. Фестивальдің соңы жеңімпаздарды марапаттау мен галаконцертпен аяқталады. Өңірлік «Аламан» фестивалінің әрбір бағыты бойынша ең үздік атанған жеңімпаздары Республикалық «Аламан» фестиваліне жолдама алады.

**Күтілетін нәтиже:** «Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасына қатысушылардың кәсіби және техникалық мамандықтарға қызығушылығы, өзара қарым-қатынасы, достығы, отансүйгіштігі артып, білім алып жатырған өңірге бейімдеу, көшбасшылық қасиеттерін дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру.

### **Жоғарғы оқу орындарының тізімі**

1. Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
2. К.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті
3. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
4. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
5. С.Аманжолов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті
6. Д.Серікбаев атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті
7. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
8. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
9. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
10. М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті
11. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
12. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
13. Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті
14. Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
15. Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
16. Рудный индустриалдық институты
17. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
18. Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті
19. Атырау мұнай және газ институты

